

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Жас ғалымдар кеңесі университеттің қоғамдық ұйымы болып табылады және университеттің әртүрлі бөлімшелерінің өкілдерінен құрылады. Кеңестің қызметі ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметке қатысу арқылы жас ғалымдарының шығармашылық ғылыми белсенділігіне жәрдемдесуге және дамытуға бағытталған.

Кеңес өз жұмысында «Ғылым туралы», «Білім туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңдарын, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің өзге де заңнамалық және нормативтік актілерін, университеттің нормативтік құжаттары мен Жарғысын және ЖФК Ережесін басшылыққа алады.

Кеңес қызметіне жалпы басшылықты ғылыми жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады. Кеңестің қызметі зерттеулерді қолдау департаментімен және оның жұмысына жәрдемдесетін Университеттің басқа бөлімшелерімен байланыста жүзеге асырылады.

Жас ғалымдар кеңесінің құрамына 20 адам кіреді. Төраға – Мұхаметқайыров Арсланбек Ерболатұлы «Педагогика және психология» ББ 2 курс докторанты, төраға орынбасары - оқытушы Байжунусова Гүлжан Қайырлықызы және хатшы-оқытушы Басхан Жанерке Дәулетханқызы.

ЖФК құрамы университеттің 35 жасқа дейінгі, ғылым докторы, кандидаты, магистр дәрежесі бар, елеулі ғылыми жетістіктерге қол жеткізген жас ғалымдары мен мамандарынан, ғылым саласындағы сыйлықтардың лауреаттарынан, мемлекеттік ғылыми стипендиялардың иегерлерінен, сондай-ақ ғылыми зерттеулермен айналысатын докторанттардан құралады.